

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CDZE3219>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***М. С. Оразбек¹, М. Н. Баратова²**

¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.;

²Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ЖҮРЕК» АРХЕТИПИ

Мақалада К. Юнг анықтаған Эго немесе европаша Self, яғни Өздік (Самость) архетипінің Абай шығармаларындағы айқындалу ерекшелігі қарастырылған. К. Юнг поэзияда ақындардың ерекшелігін, өмірге, жалты әлемге танытатын өзіндік «менін», ақынның Эгосы деп атаған болатын. Әрбір ақынның эгосы оның шығармаларында белгілі бір символмен, кескінмен анықталатынын атап көрсеткен болатын. Абай шығармаларында ақынның «мені» жүрек архетипі арқылы танылатыны, оның өлеңдерін талдау арқылы зерттелді. Абайдың көптеген өлеңдеріндегі «Жүрек» және «Көңіл» архетиптері қазақ әдебиетіндегі ақынның Эгосын айқындайды. «Жүрек» архетипі «Жүректе қайрат болмаса», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Жүрегім нені сезесің», т.б. өлеңдерінде өзіндік мотивке ие болып, ақынның тылсым сыры мен жан-дүниесін жарқырата танытты. Жүрек архетипі адамзат жаралғаннан бері, сонау есте жоқ ескі заманнан бүкіл әлем халықтарында биологиялық, философиялық, тілдік концептіге ие болып келеді. Ал қазақ поэзиясында жүректі көркем шығарманың идеясына, сюжетіне, образға, символға айналдырған – Абай. Ақын қазақ әдебиетінде жүрек мифологемасын, мифопоэтикасын жасады деп батыл айта аламыз. Қазақ поэзиясында Абайдың жасаған жүрек образы күллі қазақтың жүрегін бейнелейді.

Кілтті сөздер: Эго немесе Өздік архетипі, кейіпкер психологиясы, символжүрек мифологемасы, айна мифологемасы.

Кіріспе

Абай шығармаларын психоаналитикалық тұрғыда зерттеу арқылы мінез-құлықтың қалыптасуы мен оған әсер ететін факторларды анықтай отырып, адам бойындағы кертартпа әдет-дағдылардан арылу жолдарын әлемдік

ойшылдардың еңбектеріндегі индивидуалды және ұжымдық бейсаналық (коллективное бессознательное), архетип ұғымдары мен кейіпкердің психологиялық ерекшелігін талдау бүгінгі қазақ әдебиеттануында өзекті болып табылады. Ел Президенті Қ. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында «Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» [1] деген сөзі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың санасына Абай шығармаларының ықпал-әсерінің зор екенін анықтайды. Демек Абай шығармаларында жас ұрпақтың ойына қозғау салатын ұғым «жүрек» образы. «Жүрек» образы арқылы Абай өз жүрек түпкіріндегі асыл қазынасын актаруымен бірге, күллі қазақтың жүрегінің қалауын, жүрек үнін жырлады. Өз жүрегімен бірге күллі қазақтың жүрегінің зарын ақтарды. Жүректі әр түрлі образға айналдыру арқылы жүрек мифологемасын, жүректің мифопоэтикасын жасады.

Материалдар мен әдістер

Мақалада зерттеу материалдары етіп Абайдың өлеңдері алынды. Соның ішінде «Жүректе қайрат болмаса», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Жүрегім нені сезесің», «Жүрегім менің қырық жамау», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» т.б. өлеңдеріндегі ақынның эгосын талдау барысында герменевтикалық әдіске сүйендік. Герменевтикалық зерттеу әдісі арқылы Абай шығармаларындағы архетиптік кескіндерді, фигураларды атап айтқанда ақынның эгосын танытатын «жүрегі айна» немесе «жүректе айна жоқ болса» деген тіркестің астарына мән берсек орыс зерттеушісі М. Бахтиннің айна мифологемасы арқылы түсіндіруге ұмтылдык. Бұл әдіс адамның өзіне сын көзімен қарауға үйрететін, әлеуметтік қарым-қатынасты белсендендіретін іс-әрекеттерді кешенді, жүйелі түрде танытудың алғышарттарын жасап береді. Зерттеу материалдарына архетип пен ұжымдық бейсаналықты зерттеген әлемдік ғалымдар К. Юнг, М. Бахтин, С. Телегин, Ю. Большакова сияқты ғалымдардың ғылыми еңбектері мен Елбасы Н. Назарбаевтың, еліміздің Президенті Қ. Тоқаевтың Абай поэзиясына қатысты ойлары айтылған Қазақстан халқына Жолдаулары негіз болды.

Сондай-ақ Абай шығармаларын тарихи-генетикалық салыстыру әдісі бойынша да зерттейміз. Себебі Абай өлеңдерінде кейіп, ұрсып отырған «антұрғанның» бойындағы «оңбаған», «кеселді ку» мінезі-қасиеттері ұжымдық бейсаналық болып табылады. Абай шығармаларындағы әлемдік архетиптерді шетелдік жазушылардың шығармаларымен салыстырмалы ғылыми зерттеу нәтижесінде жалпы адамзат баласының санасына тән ұғымдар мен Абайдың өз шығармаларына тән ерекше құбылысты анықтауға қол жеткіземіз.

Нәтижелер және талқылау

Абай дәстүрі ХХ ғасыр мен ХХІ ғасыр қаламгерлерінің шығармаларына зор ықпал еткенін қазақ ғалымдары жан-жақты зерттегені белгілі [2]. Бұл мақалада акын өлеңдеріндегі жүрек образын талдау үшін шығармашылық психологиясын қарастырамыз. герменевтикалық зерттеу әдісі арқылы Абай шығармаларындағы архетиптік кескіндерді, фигураларды атап айтқанда акынның эгосын танытатын «жүрегі айна» немесе «жүректе айна жоқ болса» деген тіркестің астарына мән берсек орыс зерттеушісі М.Бахтиннің айна мифологемасы арқылы түсіндіруге тура келеді. Бахтин: «Айнадағы адам. (Человек у зеркала) Бұл құбылыстың қиындығы (қарапайым болып көрінуінде). Оның элементінде. Жай ғана формуласы: мен өзіме басқа біреудің көзімен қараймын, өзімді басқаның көзқарасымен бағалаймын» деп адамның өзіне айнадан қарағандай, өзінің жан-дүниесіне үңілуі деп түсіндіреді» [3, 241 б.]. Демек Абайдың жүрегі айнаның қызметін атқарады. Абай айнаға қарағандай өз жүрегіне үңіледі. Яғни айнадан көргендей өз бейнесіне өзге біреудің көзқарасымен қарауы деген байламға келеміз. Ендеше Абай шығармасындағы жүрек Бахтиннің айна мифологиясымен сабақтасып жатыр. Бір ғана жүрек сөзі арқылы адам болмысын тәрбиелеудің жолын көрсетті. Осы сияқты ұғымдар Абайда көп кездеседі. Бұл әдіс адамның өзіне сын көзімен қарауға үйрететін, әлеуметтік қарым-қатынасты белсендендіретін іс-әрекеттерді кешенді, жүйелі түрде танытудың алғышарттарын жасап береді. Абай өз шығармаларында жүрек архетипі арқылы өзіндік Эгосын айқындады.

К. Юнг қарастырған әлемдік бейсаналықтың бір түрі Эго немесе Самость, қазақша Өздік немесе өзіндік сияқты ұғымдарды білдіреді. Тұлғаның өзіндік менін айқындайтын ұжымдық бейсаналық. Ол туралы К. Юнг: «Мен осы тұтастық үшін саналы және бейсаналық өмір сүрудің жалпы қосындысы үшін «Өздік» терминін таңдадым» («Я выбрал для этой целостности, общей суммы сознательного и бессознательного существования термин «Самость») [4, 143 б.]. Эго Юнг үшін адам баласының ойын, сезімін, жан-дүниесін жан-жақты танытатын тұлға болып табылады. Бұл терминді таңдау үшін К. Юнг батыс, шығыс философторын түгел қарап, шешімге келген болатын. «Бұл термин тіпті құдайлардың адам болу үшін жоғалып бара жатқан мәселелерімен ғасырлар бойы айналысқан шығыс философиясымен келісе отырып таңдалып алынды». (Термин был выбран в согласии с восточной философией, которая веками занималась теми проблемами, которые поднимаются даже там, где боги исчезают, чтобы стать людьми») [4, 143 б.] деп түсіндіреді.

Жоғары интеллектіге ие Самость бейсаналық пен саналылықтың жиынтығы бола отырып, ұстамдылық пен ерекше адамшылықтың үлгісі. «Өздік белгісіз ғана емес, сондай-ақ анықтылықты, тіпті қайталанбастықты

парадоксты түрде қамтиды» («Самость не только неопределенна, но и парадоксальным образом содержит в себе черты определенности, даже неповторимости») [4, 179 б.] деп, Юнг Самость-Эгоны анық, әрі қайталанбайтын архетип ретінде алады. Біз де Абайдың шығармаларында ақынның қайталанбас тұлғасын қазақ әдебиетінде бұрын-сонды кездеспеген архетиптік образдар жасауымен және оның әлемдік архетиптермен үндестігін, үйлестігін анық байқаймыз.

Абайдың көптеген өлеңдеріндегі «Жүрек» және «Көңіл» архетиптері қазақ әдебиетіндегі ақынның Эгосын айқындайды. «Жүрек» архетипі «Жүректе қайрат болмаса», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Жүрегім нені сезесің», «Жүрегім менің қырық жамау», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» т.б. өлеңдерінде өзіндік мотивке ие болып, ақынның тылсым сыры мен жан-дүниесін жарқырата танытты.

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас,

Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.

Жүректен қызу қызба кете қалса,

Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Ақын жүректі телегей терең теңізге, өмірдің қызығын бағалы, қол жетпес асыл тасқа балайды. К.Юнг психологиялық аналитикасында асыл тастың философиялық мәніне терең мән беріп, адамның рухани өміріне ықпалы зор екенін көрсетеді: «Кейінгі дәуірдегі (XVIII ғ.) алхимик мынандай анықтама береді: «Көктегі даналық тасы, рухани, жан-жақты тұрақты зат. Барлық металдарды таза алтынға айналдырып, кез келген сынаққа төтеп береді. Алхимия мұндай мақсаттарын табиғаттағы жетілмеген (ауру) субстанцияларды (металдар) жетілдіру, сауықтыру деп тұжырымдайды... Айтпақшы алхимияның бұл медициналық аспектісі Юнг жақсы көретін шығыс дәстүрінде айқын көрінеді. Даостық алхимиктерде «өлмейтін алтын пилюли» («золотой пилюли бессмертия») («философиялық тас» аналогы) тікелей адам ағзасында болады. Бұл процестің мақсаты, аты айтып тұрғандай, толық рухтандыру және өлместікке ие болу, яғни, Құдаймен қарым-қатынас. Юнгте тас – Өздік (Самость) архетипі» [4, 327 б.]. Алхимиктердің асыл тастың ауруды ғана емдеуге емес, адамның рухын жетілдіруге, өмірге құштарлығын оятып, толыққанды өмір сүруге жетелейді деген ұғымын Юнг те берік ұстанады. Сондықтан өзінің аналитикалық психологиясында асыл тастың философиялық мәнінің адамның психикасына зор әсерін, ұжымдық бейсаналыққа да ерекше ықпалы бар екенін жете зерттеген Юнг адамның жүрегі мен жан-дүниесінің үйлесім табуын барынша байыппен зерделейді. Абай даналығы да адам өмірінің мәнді болуын осы асыл тас образы арқылы бейнелейді. Қызықтың мәні – жүрек. Жүректен жылу кетсе, қызу кетсе, мейірім мен махаббат кетсе өмірдің мәні қалмайды деген ойды меңзейді.

«Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас», Жүректен қызу қызба кете қалса», «өзге тәннен еш қызық іс табылмас» деп жоғарыдағы алхимиктердің асыл тасты «толық рухтандыру және өлместікке ие болу, яғни, Құдаймен қарым-қатынас» деп түсінгеніндей, Абай да жүректің рухтануын, мәңгі өлместікке ұмтылуын меңзейді.

Абай өзінің Эгосын, (Самость) Өзіндік тұлғасын өлендерінде жүрек мифологемасын туғызу арқылы әйгіледі. Жүрек архетипі адамзат жаралғаннан бері, сонау есте жоқ ескі заманнан бүкіл әлем халықтарында биологиялық, философиялық, тілдік концептіге ие болып келеді. Ал сөз өнерінде жүректі көркем шығарманың идеясына, сюжетіне, образға, символға айналдырған – Абай. Сондықтан Абай жүрек мифологемасын, мифопоэтикасын жасады деп батыл айта аламыз.

Мифологема шығармашылық адамының мифологиялық ойлауының нәтижесі болып табылады. Абай шығармаларында жүрек әртүрлі образға айналып, әр түрлі мәнге ие болады. Сондықтан мифологеманы зерттеген Телегин С. М.: «Мифологема – мифологиялық бейненің бастапқы идея-формасы. Ол шығармашылық сөздің қуатын бір арнаға бағыттайтын өткізгіш (проводник). Сөздің қуаты қиялдың көмегімен бостандыққа шығады. Адам қиялын шарықтатып, оны мифологемалар арқылы өткізіп, өзінің көркем мифін құрайтын жаңа бейнелер жиынтығын алады» [5, 15 б.]. Ендеше Абай да өз санасында жүрек туралы қиялын шарықтатып, өзінің көркем мифін құрайтын қазақ лирикасында жүрек бейнесінің жаңа жиынтығын жасады. Абай: «ызалы жүрек», «ынталы жүрек», «ыстық жүрек», «асау жүрек», «жас жүрек», «ет жүрек», «асыл жүрек», «жаралы жүрек», «ауру жүрек», «сорлы жүрек», «жылы жүрек», «айнымас жүрек» деп, жүрек образын жасауда мифологиялық құбылушылықты негіз еткен, бұрын-соңды қазақ әдебиетінде болмаған жаңа жиынтық бейнесін туғызды. Аталған жүректер Абайдың ес жинап, ер жеткеннен өмірінің ақырына дейінгі өз басынан өткізген және елінің басынан өткен жағдайларды қорытып, жүрек бейнесін туғызған мифологемасы.

Абайдың Эгосы (Самость) жүрек образы арқылы жанданып, жүректің іс-әрекеті, амалы негізінде жүрек мотивінің қалыптасуына алып келді. Абай өлендерінде ақынның жүрек мифологемасы заттанып, адам санасында белгілі бір образдар жүйесінің құрылуына ықпал етті. «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңінде:

Махаббат, ғадауатпен майдандасқан

Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?

– деп өмірдегі махаббат пен дұшпандықтың қырғынын көп көрген ақынның қайран жүрегіннің мұзға айналған образын көрсек, осы өлеңде:

Асау жүрек аяғын шалыс басқан

Жерін тауып, артқыға сөз болмай ма?

– дегенде жүректің шалыс басқан адам кейіпіне ауысу мәнін көреміз.

Мифологиядағы құбылушылық Абайдағы жүрек образына тән. Ал өлеңнің мына жолдарында:

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла,

– деп ақын адамды жүрегінің түпкіріндегі ешкім білмейтін, тіпті адамның өзі де танып бітпейтін шын сырын ұғындыруды көздесе, дәл осы ой «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңіндегі «...Жүрегіне сүңгі де түбін көзде» деген өлең жолдарында кездеседі. Абай бұл жерде «жүректің түбіне» аса қатты мән береді. Себебі «жүрек түбі» ұғымы қазақта адамның ең құпия, тылсым, басқаларға беймәлім сырын меңзейді. Сөйтіп Абай адам баласына біреуді күндеп жамандағанша өзіне қара, өзіңнің бүкіл кемшілігің мен жетістігіңді тексер деген қорытындыға келеді.

Осы жерде айна мифологемасы жүрек мифологемасының тууына негіз болады. Себебі Абай: «Білімдіден шыққан сөз» өлеңінде «...Жүрегі – айна, көңілі – ояу» десе, «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңінде:

Жүректің көзі ашылса,

Жүректе айна жоқ болса,

– деп жүректі адамның өз-өзіне қарап, өзінің іші-сыртын түгел көретін адам жанының айнасына ауыстырады. Яғни өзінің екінші жағын, көлеңкесін көретін айна мифологемасын анық аңғарамыз. М. Бахтин әдебиеттегі мұндай құбылысты адамның өзіне айнадан қарағандай, өзінің жан-дүниесіне үңілуі деп түсіндіреді. Ендеше, көркем шығарма мазмұнына арқау болған көлеңке кескіні де кейіпкердің өз жан дүниесіне үңілуі, өзі айнадан көргендей өз бейнесіне өзге біреудің көзқарасымен қарауы деген байламға келеміз.

«Жүректе қайрат болмаса» өлеңінде:

Жүректе қайрат болмаса,

Ұйықтаған ойды кім түртпек?

– деп, жүрекке философиялық астар бере отырып, адамның ойына қозғау салып, рухына ықпал ететін жүректің қызметіне, мәніне жете көңіл қояды. Дәл осы ойды «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңінде:

Жүрек тербеп оятар баста миды

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

– деген жерде жүректің ұйықтауы мен ояту мотивін көреміз. Жүректің адамның санасына ықпал етуі мағынасын көреміз.

Өлемдік әдебиетте жүрек туралы жырлаған ақындар баршылық. Орыс ақындары: Бальмонт, А. С. Пушкин өз өлеңдерінде жүректің жаңа образын жасаған болатын. Олар да өздерінің Эгосын жүрек мотиві арқылы

танымты. Жалпы, Абайдың жүрек мифологемасы туралы сөз әлі біткен жоқ. «Юнгтің жеке тұлға туралы ұғымы қос мағыналы (двойственна – қосалқы). Бұл контексте тұлға «личина (персона), «маска» немесе адамның «әлеуметтік сырты» («социальная кожа»), оның сырттағы әлеуметтік ролі деп түсіндіріледі. Басқа жағдайларда, Юнг тұлғаны «Самость» деп атайды, яғни адам табиғатының ең жоғары дәрежеде толығыуы» [4, 340 б.] деп көрсеткен. Сонда ақынның Өзіндік тұлғасы шығармаларында кейіпкер, персонаж, символдар мен мотивтердің жаңа кескінін тудыруында жатыр.

Қазақ әдебиетінде Абай дәстүрі ғасырлар бойы өз жалғасын табууда. «Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті» деп аталатын ұжымдық жинақта академик, абайтанушы З. Ахметовтің «Абайдың адам мен қоғам жайындағы концепциясы қазақ топырағындағы жаңа концепция, Абай адамды белгілі қоғамдық өмірдің жемісі, нәтижесі ретінде қарады, оның қимыл-әрекетін, психологиясын, моральдық келбетін өмірге, әлеуметтік тұрмысқа байланысты көріп, бағалап бейнеледі» [6, 356 б.] деген тұжырымына ден қоямыз. Абайдың айна мифологемасына өзек болған мотивтер мен Эгосын танытуға себеп болған жүректің символдық образдары әлемдік әдебиеттің көтерген мәселесімен үндестік тапқаны ақиқат. Орыс және шетелдік ғалымдардың архетип пен символдар туралы еңбектерін негізге [7] ала отырып, Абай шығармаларын талдағанда әлемдік оймен сабақтастығын аңғару қиын емес.

Қорытынды

«Суреткердің күші оның «архетиптермен сөйлесу» қабілетінде» [8, 8 б.] деген Ю. А. Большакованың тұжырымы Абай шығармаларындағы архетип кескіндердің жаңғырып, түрлі образдарға айналуының айқын дәлелі. Жаңа қоғамда санасы ашық, көкірегі ояу ұлт қалыптастырудың негізі сөз өнерінің маңыздылығын арттыру болып табылады Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз» [9, 2 б.] деген пікірін негізге ала отырып, ұлттық әдебиетті зерттеудің жаңа әдіснамасын Абай шығармаларын зерттеу негізінде ұсынуымыз керек.

Орыстың әйгілі жазушысы Ф. М. Достоевский Пушкин туралы: «Ол [Пушкин] орыс халқын және оның мақсат-мүддесін өте терең және кең көлемде түсінгені соншалық, бұрын-соңды ешкім де ешқашан ол сияқты түсінген емес [10]» деген болатын («Он [Пушкин] понял русский народ и постиг его назначение в такой глубине и в такой обширности, как никогда и никто. Бүгінде Ф. М. Достоевскийдің Пушкин туралы осынау ұлы ойларын Абайға қатысты айтуға болады. Себебі Абайдан терең, Абайдан артық оның заманында қазақ жүрегін түсініп, оның тереңіне ешкім бойлаған жоқ. Абай шығармаларындағы «жүрек» архетипін зерттеу арқылы ақынның қазақ

поэзиясында жүрек мифологемасын, жүрек мифопоэтикасын жасаудағы шеберлігін танытуға ұмтылды. Абай өлеңдеріндегі «жүрек» мотивінің айна мифологемасымен жалғастығын анықтап, айнаға қарағандай адамның өз жүрегіне үнілуі арқылы адам бойындағы мін, кемшілікті тап басатын өлеңдерін талдадық.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Тоқаев, Қ. К.** «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» [Мәтін] // Egemem Qazaqstan. – 2020, 9 қаңтар – № 5 (29734).

2 Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. Ғылыми жинақ [Мәтін]. – Алматы : «Арда», 2009. – 392 б.

3 **Бахтин, М. М.** Автор и герой: К философским основам гуманитарных наук [Текст]. – СПб. : Азбука, 2000. – 336 с.

4 **Юнг, К. Г.** Архетип и символ. [Текст]. – Москва : Ренессанс, 1991. – 297 с.

5 Международная научная конференция «Архетипы, мифологемы, символы в художественной картине мира писателя» [Текст] // Астрахань, 19-24 апреля, 2010 г. – 289 с.

6 **Сариев, Ш.** Абай дәстүрі және тәуелсіздік кезіндегі қазақ лирикасы // Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. Ғылыми жинақ [Мәтін] – Алматы : «Арда», 2009. – 392 б.

7 Международная научно-практическая конференция «Символическое и архетипическое в культуре и социальных отношениях» [Текст] // Пенза – Прага, 2011. – 270 с.

8 Международная научная конференция «Архетипы, мифологемы, символы в художественной картине мира писателя» [Текст] // Астрахань, 19–24 апреля, 2010. – 289 с.

9 **Назарбаев, Н. А.** «Болашаққа бағдар : рухани жаңғыру» [Мәтін] // Егемен Қазақстан. – 2017, 12 сәуір. – № 70 (29051). –

10 Критика о творчестве Пушкина, отзывы современников и критиков ХІХ–ХХ вв. [Электронный ресурс]. – <https://www.literaturus.ru/2018/03/kritika-pushkin-tvorchestvo-otzyvy-sovremennikov.html>. (қаралды: 17.01.2021)

References

1 **Toqayev, Q. K.** «Abai jáne ХХІ ғасырдағы Qazaqstan» [«Abay and Kazakhstan in the ХХІ century»] [Text] // Egemem Qazaqstan. – 2020. – № №5 (29734). – 9th January.

2 Abai dástúri jáne qazirgi qazaq ádebiyeti [Abay traditions and modern Kazakh literature] [Text] – Almaty : Arda, 2009. – 392 p.

3 **Bahtin, M. M.** Avtor ı geroi: K filosofskim osnovam gýmanitarnyh naýk [Author and hero : To the philosophical foundations of the Humanities [Text]. – St. Petersburg : Azbuka, 2000. – 336 p.

4 **Iýng, K. G.** Arhetip ı simvol [The Archetype and the symbol] [Text]. – Moscow : Renaissance, 1991. – 297 p.

5 Mejdýnarodnaia naýchnaia konferentsıa «Arhetipy, mifologemy, simvoly v hýdojestvennoi kartine mira pisatelya» [International scientific conference «Archetypes, mythologies, symbols in the artistic picture of the world»] [Text] // Astrakhan, 19-24 April, 2010. – 289 p.

6 **Sariev, Sh.** Abai dástúri jáne táýelsizdik kezindegi qazaq lirıkasy [Abay tradition and Kazakh lyrics in the time of independence // Abay tradition and modern Kazakh literature] [Text]. – Almaty : «Arda», 2009. – 392 p.

7 Mejdýnarodnaia naýchno-prakticheskaja konferentsıa «Simvolicheskoe ı arhetipicheskoe v kýtýre ı sotsialnyh otnosheniiah» [International Scientific and Practical Conference «Symbolic and Archetypal in Culture and Social Relations»] [Text] // Penza-Prague, 2011. – 270 p.

8 Mejdýnarodnaia naýchnaia konferentsıa «Arhetipy, mifologemy, simvoly v hýdojestvennoi kartine mira pisatelya» [International Scientific Conference «Archetypes, mythologems, symbols in the artistic picture of the writer's world»] [Text] // Astrakhan, April 19-24, 2010. – 289 p.

9 **Nazarbaev, N. A.** «Bolashaqqa baǵdar: rýhani jańǵyrý» [Looking to the future: modernization of public consciousness] [Text] // Egemen Kazakhstan. – 2017. – № 70 (29051). – 12 april.

10 Kritika o tvorchestve Pýshkina, otzyvy sovremennikov ı kritikov XIX–XX vv. [Criticism of the work of Pushkin, reviews of contemporaries and critics of the XIX–XX centuries.] [Electronic resource]. – <https://www.literaturus.ru/2018/03/kritika-pushkin-tvorchestvo-otzyvy-sovremennikov.html>.

Материал баспаға 21.05.21 түсті.

М. С. Оразбек¹, М. Н. Баратова²

¹Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

²Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 21.05.21.

АРХЕТИП «СЕРДЦЕ» В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ

В статье рассматривается специфика определения архетипа Эго или европейского Self, также архетипа самость, определенного К. Юнгом в произведениях Абая. К. Юнг своеобразие поэтов в поэзии называл свое «я», свое Эго поэта, отражающее жизнь, мир в целом. Он отметил, что эго каждого поэта определяется в его произведениях определенным символом, образом. В творчестве Абая осознание поэтом «себя» через архетип сердца изучается путем анализа его стихов. В казахской литературе во многих стихах Абая архетип «сердце» определяют эго поэта. Архетип «сердце» имеет свой мотив и раскрывал тайны и душу поэта в стихах «Если в сердце нет силы», «Больное сердце бьется медленно», «Что ты чувствуешь, мое Сердце?» и др. У народов всего мира архетип сердца обретает биологический, философский, языковой концепт еще с давних времен, с момента сотворения человечества. В казахской поэзии Абай превратил понятие сердца в идею, сюжет, образ, символ художественного произведения. С уверенностью можно сказать, что поэт создал в казахской литературе мифологию и мифопоэтику сердца. Образ сердца, созданный Абаем в казахской поэзии, изображает сердце всего казахского народа.

Ключевые слова: архетип Эго или Самость, психология персонажа, символ, мифологема сердца, мифологема зеркало.

M. S. Orazbek¹, M. N. Baratova²,

*¹L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.*

*²Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.*

Material received on 21.05.21.

THE ARCHETYPE OF THE «HEART» IN THE WORKS OF ABAI

The article examines the specifics of the definition of the archetype of the Ego or European Self, as well as the archetype of self, defined by K. Jung in the works of Abai. K. Jung called the originality of poets in poetry, his «I», his Ego of the poet, reflecting life, the world as a whole. He noted that the ego of each poet is determined in his works by a certain symbol, image. In Abai's work, the poet's awareness of «himself» through the archetype of the heart is studied by analyzing his poems. In Kazakh

literature, in many of Abai's poems, the archetype «heart» is defined by the poet's ego. The archetype «heart» has its own motif and revealed the secrets and soul of the poet in the verses «If there is no strength in the heart», «A sick heart beats slowly», «What do you feel, my Heart?», etc. Among the peoples of the whole world, the archetype of the heart has acquired a biological, philosophical, and linguistic concept since ancient times, since the creation of mankind. In Kazakh poetry, Abai turned the concept of the heart into an idea, a plot, an image, a symbol of a work of art. It is safe to say that the poet created the mythology and mythopoetics of the heart in Kazakh literature. The image of the heart, created by Abai in Kazakh poetry, depicts the heart of the entire Kazakh people.

Keywords: Ego or Self archetype, character psychology, symbol, heart mythologeme, mythologeme mirror.

Теруге 21.05.2021 ж. жіберілді. Басуға 01.06.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,8 Mb RAM

Шартты баспа табағы 16,1. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3779

Сдано в набор 21.05.2021 г. Подписано в печать 01.06.2021 г.

Электронное издание

1,8 Mb RAM

Усл. печ. л. 16,1. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3779

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz